

"Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің м.а. 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 19 сәуірде № 16777 болып тіркелді.

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 140) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 10.09.2025 № 465/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидалары бекітілсін.

2. "Электрондық үкімет" шлюзінің, "электрондық үкіметтің" төлем шлюзінің ақпараттық жүйелермен интеграциясының қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 104 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13244 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Электрондық үкіметті" және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы

туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің міндетін атқарушы*

А. Әжібаев

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің міндетін
атқарушысының
2018 жылғы 29 наурыздағы
№ 123 бұйрығымен
бекітілген

"Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 29.04.2020 № 165/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 02.09.2022 № 307/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйе (бұдан әрі – АЖ) – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық іс-әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

2) ақпараттандыру объектілері – электрондық ақпараттық ресурстар, бағдарламалық қамтылым, интернет-ресурс және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым;

3) ақпараттандыру объектілерін ықпалдастыру – деректерді берудің Қазақстан Республикасында пайдаланылатын стандарттық хаттамалары негізінде ақпараттандыру

объектілері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

4) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) ашық деректерді ұсыну жөніндегі сервис – ақпараттандыру объектілері арасында бір жақты тәртіппен деректерді беру тәсілі;

6) веб-сервистердің қауіпсіздігі (WebServiceSecurity) (бұдан әрі – WSSecurity) – SOAP веб-сервистері арасында хабар алмасу кезінде қауіпсіздік функцияларын қолдану стандарты. Таратылған жүйелер (REST) үшін бағдарламалық қамтамасыз ету архитектурасының стилін қолданған кезде сервис қауіпсіздігі HTTPs қауіпсіздік шаралары және пайдаланушыларды аутентификациялау арқылы қамтамасыз етіледі;

7) дербес деректерге қол жеткізуді мемлекеттік бақылау сервисі (бұдан әрі – мемлекеттік сервис) – дербес деректер субъектісінен дербес деректерді жинауға, өңдеуге немесе оларды үшінші тұлғаларға беруге келісім алуды қоса алғанда, мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттандыру объектілеріндегі дербес деректерге қол жеткізу кезінде меншік иелерінің және (немесе) операторлардың, үшінші тұлғалардың дербес деректер субъектісімен және уәкілетті органмен ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін қызмет;

8) Деффи-Хеллман хаттамасы – тыңдаудан қорғалмаған байланыс арнасында бірнеше жария және жеке кілттердің жұбын пайдалана отырып екі және одан да көп тараптарға алдын ала келісілген ортақ құпия кілтпен алмасуға мүмкіндік беретін криптографиялық хаттама;

9) жария Peer IP-мекен – ақпараттандыру объектісінің бастамашысы және/немесе иесі жағында VPN туннельді терминациялайтын және Интернет желісінде пайдаланылатын құрылғының бірегей IP-мекенжайы;

10) интеграциялық сервис – ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық өзара іс-қимыл жасау тәсілі;

11) интеграциялық сервистің бастамашысы – интеграциялық сервисті ұсынуға сұрау салуға бастамашылық жасайтын ақпараттандыру объектісінің иесі;

12) интеграциялық сервистің иесі (бұдан әрі – сервис иесі) – интеграциялық сервисті ұсынатын "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісінің меншік иесі немесе иесі;

13) кеңейтілетін таңба тілі (eXtensible Markup Language) (бұдан әрі – XML) – құрылымдық және машинамен оқылатын форматта деректерді сақтау және беру үшін пайдаланылатын кеңейтілетін таңба тілі;

14) клиент-коннектор – ақпараттандыру объектісінің бастамашысына ЭҮШ, ЭҮСШ, форматтарын қолдаумен ЭҮШ, ЭҮСШ-те орналастырылған интеграциялық сервиске қосылу нүктесін генерациялау мүмкіндігін беретін бағдарламалық қамтамасыз ету;

15) көліктік қолтаңба – WSSECURITY ерекшелігін қолдана отырып, АЖ ақпараттық өзара іс-қимылы кезінде берілетін хабарламалардың тұтастығы мен авторлығын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңба;

16) куәландырушы орталық – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растайтын заңды тұлға;

17) қол жеткізу ашық құқығы бар API (OpenAPI) – ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурс иесінің келісімін немесе рұқсатын талап етпейтін, интернет желісіне еркін қол жеткізуге қойылған API;

18) логирлеу журналы – жүйенің жұмысын мониторингілеу және іркіліс туындаған жағдайда себептерді анықтау үшін пайдаланылатын жұмысы туралы ақпаратты қамтитын файлдар;

19) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы (бұдан әрі – МО БКО) – "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына кіретін және мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ уәкілетті орган айқындаған өзге де ақпараттандыру субъектілерінің ақпараттық қауіпсіздігінің талап етілетін деңгейін сақтай отырып, жергілікті (интернетке қолжетімділігі бар жергілікті желілерді қоспағанда), ведомстволық және корпоративтік телекоммуникациялар желілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған телекоммуникациялар желісі;

20) объектілерге қол жеткізудің қарапайым хаттамасы (SimpleObjectAccessProtocol) – АЖ интеграциясы кезінде хабарламаларды жіберу үшін XML-ге негізделген хаттама;

21) сервис-коннектор – ақпараттандыру объектісінің иесіне ЭҮШ-ке интеграциялық сервистерді құруға және орналастыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз ету;

22) сервистер тізілімі – сервисті сипаттай отырып, "электрондық үкімет" шлюзінде және "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзінде тіркелген сервистер тізбесі;

23) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері – мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар, мемлекеттік органдардың бағдарламалық қамтылымы, мемлекеттік органның интернет-ресурсы, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілері, оның ішінде өзге де тұлғалардың мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға және мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған ақпараттандыру объектілері;

24) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы (бұдан әрі – оператор) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын,

өзіне бекітілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген заңды тұлға;

25) "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы (бұдан әрі – сервистік интегратор) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, "электрондық үкіметтің" архитектурасын және "электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасын дамытуды әдіснамалық қамтамасыз ету жөніндегі функциялар, сондай-ақ Заңда көзделген өзге де функциялар жүктелген заңды тұлға;

26) "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзі (бұдан әрі – ЭҮСШ) – мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасында тұрған ақпараттық жүйелердің мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасынан тыс тұрған ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған "электрондық үкімет" шлюзінің кіші жүйесі;

27) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесін автоматтандыратын АЖ;

28) "электрондық үкімет" шлюзі (бұдан әрі – ЭҮШ) – "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін "электрондық үкіметтің" өзге де ақпараттандыру объектілерімен интеграциялауға арналған АЖ;

29) электрондық хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) – ақпараттандыру объектілері арасында ақпарат алмасуға арналған XML, JSON форматындағы электрондық құжат;

30) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы;

31) Application programming interface (бұдан әрі – API) – қосымшаларды бағдарламалау интерфейсі, ақпараттандыру объектілері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл үшін сервис ұсынатын дайын бағдарламалар жиынтығы;

32) АН (AuthenticationHeader) инкапсуляциясы – VPN туннеліндегі көрші түйіндерді аутентификациялауға және шифрлаусыз берілетін деректердің бүтіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аутентификациялық тақырып инкапсуляциясы. IP тақырыбының хаттама өрісіндегі мәні 51 портына UDP тең;

33) Hyper Text Transfer Protocol (бұдан әрі – HTTP) — деректерді берудің қолданбалы деңгейінің ХАТТАМАСЫ бастапқыда — еркін деректерді беру үшін пайдаланылатын "HTML" форматындағы гипермәтіндік құжаттар түрінде;

34) IP (Internet Protocol) – цифрлық түрде ұсынылған деректерді берудің желілік моделі;

35) Java Script Object Notation (бұдан әрі – JSON) – JavaScript негізделген деректермен алмасудың мәтіндік форматы;

36) Representational State Transfer (бұдан әрі – REST) — желіде бөлінген қосымша компоненттерінің өзара іс-қимылы үшін бағдарламалық қамтамасыз ету

архитектурасының стилі. REST-HTTP, URL, JSON және XML сияқты стандарттарды пайдаланатын бөлінген жүйелерді жобалау немесе сервистердің өзара әрекеттесуі кезінде ескерілетін келісілген шектеулер жиынтығы;

37) SSL-сертификат (Secure Sockets Layer) – аутентификация рәсімін қамтамасыз ету үшін интернет-ресурсты немесе АЖ пайдалануға арналған тіркеу куәлігі;

38) TCP (Transmission Control Protocol) – деректерді беруді басқаруға арналған Интернет деректерін берудің негізгі хаттамаларының бірі;

39) UDP (User Datagram Protocol) – пайдаланушы датаграммаларының хаттамасы, TCP/IP негізгі элементтерінің бірі, Интернет үшін желілік хаттамалар жиынтығы;

40) URL (Uniform Resource Locator) – ресурстың бірыңғай локаторы (орналасқан жерін анықтаушы), ақпараттандыру объектісі сервисінің мекенжайын көрсетеді;

41) Virtual Private Network (бұдан әрі – VPN) – екі тораптың ақпаратпен алмасуға арналған виртуалды жеке желі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 02.09.2022 № 307/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 10.09.2025 № 465/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. ЭҮШ, ЭҮСШ арқылы интеграцияға:

1) куәландырушы орталықтар ұсынатын сервистер;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар қызметтік ақпаратты құрайтын мәліметтерді қамтитын ақпараттандыру объектілері;

3) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасында орналастырылған және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметі бойынша талдамалық ақпарат беру мақсаттары үшін деректердің бірыңғай кеңістігін қалыптастыруға арналған ақпараттандыру объектілері;

3-1) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасында орналастырылған және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес салықтық және кедендік әкімшілендіруді жүзеге асыруға арналған ақпараттандыру объектілері;

3-2) ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан, әскери құралымдардан, бөлімдер мен ұйымдардан алған кездегі ақпараттандыру объектілері.

4) ашық деректердің, ашық бюджеттердің және ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталдарын қоса алғанда, XML, JSON форматтарын және HTTP және HTTPS хаттамаларын пайдалана отырып, rest архитектуралық стилі арқылы OpenAPI, API арқылы ашық деректерді ұсыну жөніндегі сервистер жатпайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 02.09.2022 № 307/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 26.07.2024 № 444/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.09.2025 № 465/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4. Мемлекеттік емес АЖ мемлекеттік органның АЖ-мен өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген ЭҮТШ арқылы ғана интеграцияланады.

Интеграция кезінде сондай-ақ мемлекеттік және мемлекеттік емес АЖ ақпараттық қауіпсіздігі жөніндегі бірлескен жұмыстар шартының болуы ескеріледі.

Мемлекеттік емес АЖ-ны интеграциялық сервиске қосу осы Қағидалардың 2-тарауының 3-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органның АЖ-ны мемлекеттік органның интеграциялық сервисіне қосу осы Қағидалардың 2-тарауының 4-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

"Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамыту үшін оператор жасалған шарт шеңберінде өтеулі негізде мемлекеттік емес АЖ меншік иелеріне және (немесе) иелеріне "электрондық үкімет" веб-порталындағы сервистер тізіліміне енгізілген интеграциялық сервисті пайдалану және оған қол жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді ұсынады.

Жасалған шарт болмаған жағдайда оператор интеграциялық сервис бастамашысының интеграциялық сервиске қосылуын тоқтата тұрады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 12.03.2025 № 104/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Ақпараттандыру объектілерін интеграциялау жөніндегі іс-шаралар осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген деректер форматтарын есепке ала отырып, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

6. Ақпараттандыру объектілерін интеграциялау "электрондық үкімет" веб-порталындағы сервистер тізілімінде интеграциялық сервис болған жағдайда жүзеге асырылады.

7. Уәкілетті орган мен сервистік интеграторды хабардар ете отырып, сервис иесінің немесе уәкілетті органның сұратуы бойынша оператор сервиске өзгерістер енгізеді немесе оны сервистер тізілімінен алып тастайды.

Оператор интеграциялық сервистің бастамашысы мемлекеттік сервисті пайдаланбаған жағдайда оны уәкілетті органның және (немесе) сервис иесінің және (немесе) сервистік интегратордың сұрау салуы бойынша дербес деректер мен құпия ақпаратты қамтитын сервистен интеграциялық сервистің бастамашысын ажыратады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 05.12.2023 № 603/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Электрондық түрде қызмет көрсету кезінде ақпараттандыру объектісі ЭҮТШ-ке төлемдерді пайдалану туралы мәліметтерді жібереді.

Барлық өтінімдер мен құжаттар интеграциялық өзара іс-қимылға қатысушылардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-пен куәландырылады.

Егер интеграциялық сервис бастамашысының ақпараттық жүйесі Заңның 49-бабының 2-тармағында көрсетілген ақпараттандыру объектілеріне жататын болса, онда сервиске қосуға немесе сервисті жариялауға арналған өтінімге интеграциялық сервис бастамашысы ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі бар сынақ хаттамаларын қоса береді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 26.07.2024 № 444/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. ЭҮШ, ЭҮСШ-те интеграциялық сервисті әзірлеу және орналастыру үшін интеграциялық сервистің иесі және интеграциялық сервистің бастамашысы өзге интеграциялық сервис болмаған кезде интеграциялық сервисті қосу үшін сервис-коннектор мен клиент-коннекторды пайдаланады.

2-тарау. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау тәртібі 1-параграф. Интеграциялық сервис бастамашысының бастамасы бойынша сервисті жариялау тәртібі

10. Сервистер тізілімінде сервис болмаған кезде интеграциялық сервистің бастамашысы "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы қажетті мәліметтер қамтылған ақпараттандыру объектісінің иесін анықтау жөнінде ұсынымдар беру үшін сервистік интеграторға сұрау салу жібереді.

11. Өтінімнің келіп түскені туралы хабарлама алған кезде сервистік интегратор сұрау салуды 2 (екі) жұмыс күні ішінде қарайды және интеграциялық сервис бастамашысына ұсынымдар береді.

12. Интеграциялық сервис бастамашысы сервистік интегратордың ұсынымдары негізінде "электрондық үкімет" веб-порталында авторланады және ақпараттандыру объектісі иесіне сервис құруға өтінім нысанында сұрау салу жібереді.

13. Ақпараттандыру объектісінің иесі сервисті құруға өтінімнің келіп түскені туралы хабарламаны алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінімді қарайды. Қарау нәтижелері бойынша өтінімді келіседі не оны пысықтауға бастамашыға қайтарады, не себептерін көрсете отырып, сервис құрудан бас тартады.

14. Сервисті құруға өтінім келіскен жағдайда ақпараттандыру объектісінің иесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес сервиспен өзара іс-қимылға қойылатын талаптарды (бұдан әрі – сервиспен өзара іс-қимылға қойылатын талаптар) және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес сервисті жариялауға өтінімді (бұдан әрі – сервисті жариялауға өтінім) толтырады, өтінімге XSD сервистің файлдарын, сондай-ақ сұрау салудың және тестілік деректермен жауаптың XML мысалдарын қоса береді және уәкілетті органды хабардар ете отырып, интеграциялық сервистің бастамашысына өтінім жібереді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 05.12.2023 № 603/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Ақпараттандыру объектісінің иесі сервисті құруға өтінімді пысықтауға қайтарған жағдайда интеграциялық сервистің бастамашысы 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінімді пысықтауды жүзеге асырады және оны ақпараттандыру объектісінің иесіне қайта қарауға жібереді.

16. Ақпараттандыру объектісінің иесі сервисті құрудан бас тартқан жағдайда сервисті жариялау жөніндегі іс-шаралар тоқтатылады.

17. Сервисті жариялауға өтінім келіп түскен кезде оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінімнің толықтығын және дұрыс толтырылуын тексеруді жүзеге асырады. Өтінімді тексеру нәтижесі теріс болған жағдайда оператор себептерін көрсете отырып, өтінімді пысықтауға жібереді.

18. Ақпараттандыру объектісінің иесі 2 (екі) жұмыс күні ішінде сервисті жариялауға өтінімді пысықтайды және өтінімді операторға қайта қарауға жібереді.

19. Өтінімді тексеру нәтижесі оң болған жағдайда, оператор 10 (он) жұмыс күні ішінде интеграциялық сервис бастамашысына ЭҮШ, ЭҮСШ тестілік ортасына рұқсат береді және интеграцияны тестілеуді өткізу үшін ЭҮШ, ЭҮСШ тестілік ортасындағы сервистерге интеграциялық сервис бастамашысын қосады.

20. Интеграциялық сервисті әзірлеушілер ақпараттандыру объектісінің иесі, интеграциялық сервистің бастамашысы тарапынан ақпараттандыру объектілерімен интеграциялау бойынша тестілеуді өткізу үшін ақпараттандыру объектілеріне өзгерістер енгізеді.

21. Интеграциялық сервисті әзірлеушілермен бірге ақпараттандыру объектісінің иесі, интеграциялық сервистің бастамашысы және оператор тарапынан 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде оң нәтиже алғанға дейін интеграциялық сервисті тестілеу жүргізіледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 05.12.2023 № 603/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. ЭҮШ, ЭҮСШ тарапынан интеграциялық сервистің іске асырылуын растау өзара іс-қимылға қатысушылар арасында хабарламаларды жіберу болып табылады (

асинхронды сервис үшін – жөнелтушінің хабарламаның бірегей сәйкестендіргішін алуы, синхронды үшін – жауап хабарламасын алу), ол ЭҮШ, ЭҮСШ логтау журналында тіркеледі.

23. Өзара іс-қимылға қатысушылар (сервис иесі және интеграциялық сервис бастамашысы) тарапынан өзара іс-қимыл шарттарын орындау және өзара іс-қимылға қатысушылардың өздерімен деректерді өңдеу интеграциялық сервисті іске асыруды растау болып табылады.

24. Интеграциялық сервисті тестілеу нәтижесі оң болған жағдайда сервис иесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тестілеу және пайдалануға енгізу туралы актісін (бұдан әрі – тестілеу және пайдалануға енгізу туралы актісі) қалыптастырады, оны өзінің ЭЦҚ-мен куәландырады және оны интеграциялық сервистің бастамашысына келісуге жібереді.

Теріс нәтиже болған жағдайда интеграцияны тестілеу оң нәтиже алғанға дейін жалғасады.

25. Интеграциялық сервистің бастамашысы өтінімді және тестілеу актісін алған кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны өзінің ЭЦҚ-мен куәландырып, тестілеу актісін келіседі және тестілеу актісін операторға келісуге жібереді.

26. Оператор тестілеу актісін өтінім мен тестілеу актісін алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды.

27. Тексеру нәтижесі теріс болған жағдайда оператор тестілеу актісін сервис иесіне пысықтауға қайтарады. Сервис иесі 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тестілеу актісін пысықтауды жүзеге асырады және оны интеграциялық сервис бастамашысының қарауына қайта жібереді.

Тестілеу актісін тексерудің оң нәтижесі болған жағдайда оператор тестілеу актісін келіседі, 10 (он) жұмыс күні ішінде сервистер тізілімінде сервис паспортын жариялайды және интеграциялық сервистің бастамашысына ЭҮШ, ЭҮСШ өнеркәсіптік ортасында сервиске қолжетімділікті ұсынады. Уәкілетті орган мен сервистік интегратор "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы интеграциялық сервисті жариялау туралы хабардар етіледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 05.12.2023 № 603/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Ақпараттандыру объектісі иесінің бастамасы бойынша сервисті жариялау тәртібі

28. Сервис иесі "электрондық үкімет" веб-порталында авторланады және сервистердің жарияланған тізілімінде сервистің жоқтығын алдын ала тексеріп, сервисті жариялау бойынша процесті іске қосады. Өтінімді қалыптастырған кезде сервис иесі сервиспен өзара іс-қимылға қойылатын талаптарды және сервисті жариялауға өтінімді

толтырады, XSD сервистің файлдарын, сондай-ақ сұрау салудың және тест мәліметтерімен жауаптың XML мысалдарын қоса бере отырып, интеграциялау шарттарын қабылдайды.

29. Оператор сервисті жариялауға өтінімнің келіп түскені туралы хабарламаны алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде сервисті жариялауға өтінімді, желілік қолжетімділікті ұйымдастыруға арналған өтінімді толтырудың толықтығы мен дұрыстығына тексеруді жүзеге асырады. Өтінімді тексеру нәтижесі теріс болған жағдайда оператор себептерін көрсете отырып, өтінімді пысықтауға жібереді.

30. Өтінімді тексеру нәтижесі оң болған жағдайда оператор 10 (он) жұмыс күні ішінде сервисті жариялауды жүзеге асырады және сервис иесіне ЭҮШ, ЭҮСШ тестілік және өнеркәсіптік ортасына рұқсат береді. Уәкілетті орган мен сервистік интегратор "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы интеграциялық сервисті жариялау туралы хабардар етіледі.

31. Сервис иесі сервисті ақпараттандыру объектісінің иесін көрсеткен кезде сервисті жариялау осы Қағидалардың 14-27 - тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3-параграф. Интеграциялық сервиске қосылу тәртібі

32. Интеграциялық сервистің бастамашысы "электрондық үкімет" веб-порталында авторланады және сервистер тізілімінде қажетті сервисті іздейді.

33. Интеграциялық сервистің бастамашысы сервиске қосылуға арналған өтінімге бастамашылық жасайды, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес алаңдарды толтырады және интеграция шарттарын қабылдайды. Интеграциялық сервиске қосылу сервиспен өзара іс-қимыл жасауға қойылатын талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін мемлекеттік емес АЖ иелерінің интеграциялық сервистерді пайдалануы туралы келісім осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша жасалады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 05.12.2023 № 603/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Сервис иесі өтінімді "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтінімді қарау қажеттілігі туралы хабарламаны алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде сервиске қосылуға арналған өтінім бойынша жауап жібереді. Интеграциялаудан бас тартқан кезде дәлелді жауапты көрсетеді.

35. Өтінімді сервис иесі келіскен жағдайда оператор "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтінімді қарау қажеттігі туралы хабарламаны алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде сервисті (интеграцияны) қосуға арналған өтінімді толтырудың

толықтығы мен дұрыстығына келісуді және тексеруді жүзеге асырады. Өтінімді тексеру нәтижесі теріс болған жағдайда оператор себептерін көрсете отырып, өтінімді пысықтауға жібереді.

36. Интеграциялық сервистің бастамашысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінімді пысықтауды жүзеге асырады және оны сервис иесіне қарауға қайта жібереді.

37. Өтінім келісілген жағдайда оператор 10 (он) жұмыс күні ішінде интеграциялық сервистің бастамашысына интеграцияны тестілеуді өткізу үшін ЭҮШ, ЭҮСШ тестілік ортасына рұқсат береді.

38. Интеграциялық сервистің бастамашысы, сервис иесі, оператор 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде оң нәтиже алғанға дейін интеграцияны тестілеуді өткізеді.

39. Интеграциялық сервисті әзірлеушілермен бірге сервистің иесі, интеграциялық сервистің бастамашысы және оператор тарапынан келісілген мерзімде интеграциялық сервисті тестілеу жүргізіледі.

40. ЭҮШ, ЭҮСШ тарапынан интеграциялық сервистің іске асырылуын растау өзара іс-қимылға қатысушылар арасында хабарламаларды жіберу болып табылады (асинхронды сервис үшін – жөнелтушінің хабарламаның бірегей сәйкестендіргішін алуы, синхронды үшін – жауап хабарламасын алу), ол ЭҮШ, ЭҮСШ логтау журналында тіркеледі.

41. Өзара іс-қимылға қатысушылар (сервис иесі және интеграциялық сервис бастамашысы) тарапынан өзара іс-қимыл шарттарын орындау және өзара іс-қимылға қатысушылардың өздерімен деректерді өңдеу интеграциялық сервисті іске асыруды растау болып табылады.

42. Интеграциялық сервисті тестілеудің оң нәтижесі болған жағдайда интеграциялық сервистің бастамашысы тестілеу және пайдалануға енгізу туралы актісін қалыптастырады, оны өзінің ЭЦҚ-мен куәландырады және оны сервис иесіне келісуге жібереді.

Теріс нәтиже болған жағдайда интеграцияны тестілеу оң нәтиже алғанға дейін жалғасады.

43. Сервистің иесі өтінім мен тестілеу актісін алған кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде тестілеу актісін өзінің ЭЦҚ-мен куәландырып келіседі және тестілеу актісін операторға келісуге жібереді.

44. Оператор тестілеу актісін оны алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды.

45. Тексеру нәтижесі теріс болған жағдайда оператор тестілеу актісін интеграциялық сервистің бастамашысына пысықтауға қайтарады. Интеграциялық сервистің бастамашысы 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тестілеу актісін пысықтауды жүзеге асырады және оны сервис иесінің қарауына қайта жібереді.

Тестілеу актісін тексерудің оң нәтижесі болған жағдайда оператор тестілеу актісін келіседі және 10 (он) жұмыс күні ішінде интеграциялық сервистің бастамашысына

ЭҮШ, ЭҮСШ өнеркәсіптік ортасында сервиске қол жеткізуді ұсынады. Уәкілетті орган мен сервистік интегратор интеграциялық сервис бастамашысының "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы интеграциялық сервиске қосылуы туралы хабардар етіледі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 05.12.2023 № 603/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Мемлекеттік органдардың АЖ үшін мемлекеттік органның интеграциялық сервисіне қосылу тәртібі.

Ескерту. Қағида 4-параграфпен толықтырылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 02.09.2022 № 307/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45-1. Интеграциялық сервистің бастамашысы "электрондық үкімет" веб-порталында авторизацияланады және сервистер тізілімінде қажетті сервисті іздеуді жүргізеді.

45-2. Интеграциялық сервистің бастамашысы сервиске қосылуға/интеграциялауға арналған өтінімге бастамашылық жасайды, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жолдарды толтырады, интеграциялау шарттарын қабылдайды. Интеграциялық сервиске қосылу сервиспен өзара іс-қимылға қойылатын талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.

45-3. Интеграциялық сервистің бастамашысы мемлекеттік органның интеграциялық сервисіне қосылуға өтінім берген кезде:

сервис иесі "электрондық үкімет" веб-порталының жеке кабинетіне және электрондық поштаға өтінімнің танысуға келіп түскені туралы хабарлама алады;

оператор "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтінімді қарау қажеттігі туралы хабарлама алады, 3 (үш) жұмыс күні ішінде сервиске (интеграцияға) қосылуға арналған өтінімді келісуді және толтырудың толықтығы мен дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады. Өтінімді тексеру нәтижесі теріс болған кезде оператор себебін көрсете отырып, өтінімді пысықтауға жібереді.

45-4. Интеграциялық сервистің бастамашысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінімді пысықтауды жүзеге асырады және оны оператордың қарауына қайта жібереді, сервис иесіне танысуға келіп түседі.

45-5. Сервиске (интеграцияға) қосылуға өтінімді толтырудың толықтығы мен дұрыстығын тексерудің оң нәтижесі болған кезде оператор интеграциялық сервистің бастамашысына интеграцияға тестілеу жүргізу үшін ЭҮШ, ЭҮШ тесттік ортасына қолжетімділікті 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады.

45-6. Интеграциялық сервисті әзірлеушілермен бірлесіп сервис иесі, интеграциялық сервистің бастамашысы және Оператор тарапынан интеграциялық сервисті тестілеу 3 (

үш) айдан аспайтын мерзімде, сондай-ақ осы Қағидалардың 38-45-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

45-7. Сервисте дербес деректер және құпия ақпарат болған кезде интеграциялау Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 8 шілдедегі № 236/НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28786 болып тіркелген) бекітілген дербес деректерге қол жеткізуді мемлекеттік бақылау сервисімен интеграциялау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

5-параграф. Интеграциялық сервисті өзектендіру тәртібі

Ескерту. Қағидалар 5-параграфпен толықтырылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 05.12.2023 № 603/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45-8. Интеграциялық сервистің жұмыс істеу шарттары өзгерген жағдайда немесе интеграциялық сервис бастамашысының сұрауы бойынша сервис иесі интеграциялық сервисті өзектендіруге бастамашы болады.

45-9. Интеграциялық сервисті өзектендіруді сервис иесі "электрондық үкімет" веб-порталында авторландырғаннан кейін операторға осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша интеграциялық сервисті өзектендіруге өтінім беру арқылы жүзеге асырады.

45-10. Оператор интеграциялық сервисті өзектендіруге өтінімнің келіп түскені туралы хабарлама алып, оны 3 (үш) жұмыс күні ішінде толықтығын және дұрыс толтырылуын тексеруді жүзеге асырады. Өтінімді тексеру нәтижесі теріс болған жағдайда оператор себептерін көрсете отырып, өтінімді пысықтауға жібереді.

45-11. Өтінімді тексеру нәтижесі оң болған жағдайда оператор 10 (он) жұмыс күні ішінде интеграциялық сервисті өзектендіруді жүзеге асырады.

6-параграф. Интеграциялық сервиске қосылуды өзектендіру тәртібі

Ескерту. Қағидалар 6-параграфпен толықтырылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 05.12.2023 № 603/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45-12. Интеграциялық сервистің бастамашысы интеграциялық сервиске қосылудың жұмыс істеу шарттары өзгерген жағдайда интеграциялық сервиске қосылуды өзектендіруге бастамашылық етеді.

45-13. Интеграциялық сервиске қосылуды өзектендіруді интеграциялық сервистің бастамашысы оны "электрондық үкімет" веб-порталында авторландырғаннан кейін

операторға осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша интеграциялық сервиске қосылуды өзектендіруге өтінім беру арқылы жүзеге асырады.

45-14. Оператор интеграциялық сервиске қосылуды өзектендіруге өтінімнің келіп түскені туралы хабарлама алып, оны 3 (үш) жұмыс күні ішінде толтырудың толықтығы мен дұрыстығына тексеруді жүзеге асырады. Өтінімді тексеру нәтижесі теріс болған жағдайда оператор себептерін көрсете отырып, пысықтауға өтінім жібереді.

45-15. Өтінімді тексеру нәтижесі оң болған жағдайда оператор 10 (он) жұмыс күні ішінде интеграциялық сервиске қосылуды өзектендіруді жүзеге асырады.

3-тарау. Интеграциялық сервисті пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету

46. ЭҮШ, ЭҮСШ технологиялық үзілістерді қоспағанда, өнеркәсіптік ортада тәулік бойы жұмыс істейді және ақпараттандыру объектілерінен тұрақты негізде хабарламалар қабылдайды.

47. ЭҮШ, ЭҮСШ хабарламасын қабылдау уақыты оны әмбебап синхронды арна және асинхронды арна бойынша алған сәттен бастап бір минуттан аспауы тиіс. Асинхронды арнада сұрау бойынша жауап беру уақыты әрбір интеграциялық сервисті іске асыруға байланысты.

48. Ақпараттандыру объектісінің жұмысындағы технологиялық үзілістер алдын ала ескертіледі және оларды өткізу басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын сервис иесі, интеграциялық сервистің бастамашысы және оператормен келісіледі (технологиялық үзілістер үнсіз келісім бойынша түнгі уақытта 21:00-ден 6.00-ге дейін, сондай-ақ демалыс және мереке күндері келеді).

49. Тестілеуді өткізу мақсатында өзара іс-қимылға қатысушылар ақпараттандыру объектілерінің тестілік ортасының жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

50. Техникалық қажеттілік болған жағдайда, оператор және/немесе сервис иесі, интеграциялық сервистің бастамашысы ақпараттандыру объектісін қайта жүктейді, бұл туралы басқа ақпараттандыру объектілерінің әкімшілерін телефонограмма түрінде немесе техникалық жұмыстардың уақытын көрсете отырып, электрондық пошта арқылы хабардар етеді.

51. Егер сервистің иесі, интеграциялық сервистің бастамашысы ақпараттық өзара іс-қимыл бойынша техникалық қателерді қысқа мерзімде түзету жөнінде тиісті шаралар қабылдамаған жағдайда, оператор сервистің иесінің тиісті интеграциялық сервисін ажыратады немесе интеграциялық сервисті іске асыруға қатысушыларға хабарлай отырып, интеграциялық сервистің бастамашысын қосуды тоқтата тұрады.

52. Байланыс арналарының ақаулығы, байланыс қызметтерінің провайдерлері байланыс желілерінде жоспарлы алдын алу жұмыстарын жүргізген жағдайда, ақауларды жою мерзімі провайдердің регламентімен анықталады.

53. Интеграциялық сервисті іске асыру кезінде ақпаратты қорғау:

1) ақпараттың тұтастығы мен дұрыстығын бақылау тетіктерін пайдалану, оның ішінде xml хабарламалардың ЭЦҚ қол қойылған авторлықты растау;

2) ақпараттандыру субъектілерін ЭҮШ-де, ЭҮСШ-те авторландыру оператор беретін логин мен пароль арқылы және бөлінген жүйелер үшін бағдарламалық қамтамасыз ету архитектурасының стилін қолданатын сервистерді қоспағанда, көліктік қол қою бойынша өтеді (REST);

3) барлық оқиғаларды ЭҮШ, ЭҮСШ-де журналға енгізу;

4) Заңға сәйкес ақпаратты қорғау жөніндегі техникалық және ұйымдастырушылық сипаттағы іс-шаралар арқылы қамтамасыз етіледі.

54. Хабарлардың авторлығын растау хабарламаны жіберген интеграциялық өзара іс-қимыл қатысушысының ЭЦҚ-ның тіркеу куәлігімен көлік қолының сәйкестігін тексерудің оң нәтижесі болып табылады.

55. Транспорттық қолтаңбада уақыт белгісі жоқ.

56. МО БКО-да көліктік қолтаңбаны тексеру ЭҮШ-де орындалады.

57. ЭҮШ-ке сервисті шақыру кезінде көлік қолтаңбасын пайдалану осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес көлік қолтаңбасын пайдалану сценарийі бойынша жүзеге асырылады.

58. ЭҮШ-те МО БКО-да көліктік қолтаңбаны тексеру мынадай:

1) хабарламаны жіберушіге ЭЦҚ-ның тиесілігін тексеру;

2) ЭЦҚ-ның жарамдылығын тексеру рәсімдерінен тұрады.

59. Ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде барлық электрондық хабарламаларға интеграциялық өзара іс-қимылға қатысушылардың ЭЦҚ қол қойылуы тиіс.

60. Ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық өзара іс-қимылы барысында ЭЦҚ қолдану кезінде "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алу қажет.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 02.09.2022 № 307/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Ақпаратты қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету деңгейінде рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды, берілетін мәліметтердің уақтылы берілуін және өзгермеуін ЭҮШ, ЭҮСШ қамтамасыз етеді.

62. Сервисті уақытша ажыратқан жағдайда (сервисті модификациялау, сервисті пайдалануға рұқсат беретін ақпараттандыру объектісін модификациялау) сервистің иесі уәкілетті органды және интеграциялық сервистің барлық пайдаланушыларын "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы интеграциялық 3 (үш) жұмыс күні ішінде немесе жұмысты тоқтатуға байланысты сервис өшірілген жағдайда 1 (бір) айдан кешіктірмей хабардар етеді.

63. Сервис иесі және интеграциялық сервис бастамашысы ақпараттық қауіпсіздікті және бағдарламалық және техникалық құралдардың тұрақты дайындығын қамтамасыз ететін жауапты тұлғаларды анықтайды.

64. Жауапты тұлғалардың құрамы өзгерген жағдайда (еңбек шартын ауыстыру немесе тоқтату) бір апта мерзімде сервис иесі мен интеграциялық сервистің бастамашысы бар өзгерістер туралы өзара хабардар етеді және осы Қағидалардың ережелерін уақтылы орындау бойынша жауапты тұлғалар туралы жаңа мәліметтер хабарланады.

65. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісіне ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сынау хаттамаларын кері қайтарып алу кезінде Оператор ақпараттандыру субъектілерін хабардар ете отырып, 1 жұмыс күні ішінде осы " электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісіндегі барлық интеграциялық өзара іс-қимылды тоқтата тұрады.

Ескерту. Қағидалар 65-тармақпен толықтырылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 05.12.2023 № 603/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 26.07.2024 № 444/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Электрондық үкіметтің"
ақпараттандыру объектілерін
интеграциялау қағидаларына
1-қосымша

SOAP сервистер деректерінің форматтары

1. Асинхронды арна хабарламаларының сипаттамасы

1.1. ЭҮШ, ЭҮСШ-тегі сервистің интерфейсі:

ЭҮШ, ЭҮСШ асинхронды арнасына хабарлама жіберуге арналған тәсіл (SendMessage):

Сервистің (SendMessageRequest) ұсынылуына сұрау салу келесі алаңдарды қамтиды : SendMessageRequest деректерінің форматы

Алаңы	Түрі	Міндеті	Сипаттамасы
request	AsyncSendMessageRequest	Иә	Сұрау салу
messageInfo	AsyncMessageInfo	Иә	Хабарламаның мета деректері
messageId	xsd: string	Иә	Алушының жүйесіндегі хабарламаның сәйкестендірушісі (сұрау салуды алушының жүйесін толтырады (хабарламаны өңдеу жүйесі)

correlationId	xsd: string	Жоқ	Сұрау алушы жүйесіндегі хабарлама тізбегінің сәйкестендірушісі (егер хабарлар жүйе (жіберушінің) хабарламалар тізбегінің шеңберінде болса, хабарламаны өңдеу жүйесі)
serviceId	xsd: string	Иә	Сервисті сәйкестендіруші
messageType	xsd: string	Иә	Хабарлама түрі: REQUEST – өзара іс-қимылдың бірінші хабарламасы
routeId	xsd: string Хабарлама маршрутының сәйкестендіргіші (егер қосымша маршруттау қажет болса, тізілім бойынша сәйкестендіргіш, жіберуші жүйесімен толтырылады)	Жоқ	Хабарлама маршрутының сәйкестендіргіші (егер қосымша маршруттау қажет болса, тізілім бойынша сәйкестендіргіш, жіберуші жүйесімен толтырылады)
messageDate	xsd: dateTime	Иә	Хабарламаның құрылған күні
sessionId	guid	Иә	ЭҮШ сессиясының сәйкестендірушісі. ЭҮШ-те толтырады, жіберушіге толтырудың қажеті жоқ
sender	SenderInfo	Иә	Жіберуші туралы ақпарат объектісі (жіберушімен толтырады)
senderId	xsd: string	Иә	Жіберушінің сәйкестендірушісі (жіберушінің жүйесі)
password	xsd: string	Жоқ	Жіберушінің паролі
properties	property	Жоқ	Сипаттар массиві, сұраудың қосымша сипаттарын қосуға болады (ЭҮШ және алушы жүйесімен келісім бойынша)
key	xsd: int		Ерекшелік кілті
value	xsd: int	Жоқ	Ерекшелік мәні
messageData	messagedata	Иә	Деректерді тапсыру объектісі
data	xsd: Anytype	Жоқ	Хабарламалар деректері объектісі (форматы)

		хабарламаны алушының жүйесімен айқындалады)
--	--	---

Хабарламаға (sendMessageResponse) ЭҮШ, ЭҮСШ жауабы келесі алаңдарымен элементтер массивін қамтиды: SendMessageResponse деректерінің форматы

Алаңы	Түрі	Міндеті	Сипаттамасы
response	AsyncSendMessageRequest	Иә	Жауап
messageId	xsd: string	Иә	Хабарламаның сәйкестендірушісі
correlationId	xsd: string	Иә	Хабарламалар тізбесінің сәйкестендірушісі
responseDate	xsd: dateTime	Иә	Жауап күні
sessionId	guid	Жоқ	ЭҮШ сессиясының сәйкестендірушісі

Қате туралы жауап (SendMessageFault) келесі алаңдарымен элементтер массивін қамтиды: SendMessageFault деректерінің форматы

Алаңы	Түрі	Міндеті	Сипаттамасы
ErrorInfo	ErrorInfo		Қате туралы ақпарат
errorCode	xsd: string	Иә	Қатенің коды
errorData	xsd: string	Иә	Қатенің қосымша сипаттамасы
errorDate	xsd: dateTime	Иә	Қатенің күні
subError	ErrorInfo	Жоқ	Еншілес қате
sessionId	guid	Жоқ	Қате болған сессия сәйкестендірушісі

(SendDeliveryNotification) ЭҮШ-ке хабарламаны жеткізу немесе жеткізілмеуі туралы хабарламаны жіберу әдісі):

Хабарламаға сұрау салу (sendDeliveryNotificationRequest) келесі алаңдарымен элементтер массивін қамтиды. SendDeliveryNotificationRequest деректерінің форматы

Алаңы	Түрі	Міндеті	Сипаттамасы
request	AsyncSendDeliveryNotificationRequest	Иә	Сұрау салу
notification	DeliveryNotification	Иә	Хабарламаны жеткізу мәртебесі туралы хабардар ету
messageId	xsd: string	Иә	Хабарламаны сәйкестендірушісі
serviceid	xsd: string	Иә	Сервисті сәйкестендірушісі
notificationDate	xsd: dateTime	Иә	Хабарламаның құрылған күні
deliveryStatus	deliveryStatusInfo	Иә	Жеткізу мәртебесі (хабарламаны қабылдау)
			Хабарламаны жеткізу мәртебесі:

receiveStatus	xsd: string	Иә	MESSAGE_NOT_ACCEPTED – хабарлама қабылданбады MESSAGE_ACCEPTED – хабарлама қабылданды
statusDate	xsd: dateTime	Иә	Мәртебесінің өзгертілген күні
resendMessage	xsd: string	Иә	Қайталама хабарлама
error	ErrorInfo	Жоқ	Қате туралы ақпарат
errorCode	xsd: string	Иә	Қатенің коды
errorData	xsd: string	Жоқ	Қатенің қосымша сипаттамасы
errorDate	xsd: dateTime	Иә	Қатенің күні
subError	ErrorInfo	Жоқ	Еншілес қате
sessionId	guid	Жоқ	Қате болған сессияның сәйкестендірушісі
requestDate	xsd: dateTime	Иә	Сұрау салу күні
sender	SenderInfo	Жоқ	Жіберуші
senderId	xsd: string	Иә	Жіберушіні сәйкестендіруші
password	xsd: string	Жоқ	Жіберушінің паролі

Хабарламаға жауап (sendDeliveryNotificationResponse) келесі алаңдары бар массивті қамтиды: SendDeliveryNotificationResponse деректерінің форматы

Алаңы	Түрі	Міндеті	Сипаттамасы
response	Asynс SendDeliveryNotificationResponse		Жауап
notificationId	xsd: string	Иә	Хабарламаны сәйкестендіруші
responseDate	xsd: dateTime	Иә	Жауап күні
sessionId	guid	Жоқ	ЭҮШ сессиясын сәйкестендіруші

Қате туралы жауап (SendMessageFault) келесі алаңдары бар элементтер массивін қамтиды: SendMessageFault деректерінің форматы

Алаңы	Түрі	Міндеті	Сипаттамасы
ErrorInfo	ErrorInfo		Қате туралы ақпарат
errorCode	xsd: string	Иә	Қатенің коды
errorData	xsd: string	Иә	Қатенің қосымша сипаттамасы
errorDate	xsd: dateTime	Иә	Қатенің күні
subError	ErrorInfo	Жоқ	Еншілес қате
sessionId	guid	Жоқ	Қате болған сессияның сәйкестендірушісі

ЭҮШ, ЭҮСШ хабарламасының мәртебесін алу әдісі (GetMessageStatus)

Хабарламаның мәртебесіне сұрау салу (GetMessageStatusRequest) келесі алаңдары бар элементтер массивін қамтиды: GetMessageStatusRequest деректерінің форматы

Алаңы	Түрі	Міндеті	Сипаттама
request	AsyncGetmessagestatus	Иә	Сұрау салу
messageId	xsd: string	Иә	Хабарламаны сәйкестендіруші
requestDate	xsd: dateTime	Иә	Сұрау салу күні
sender	senderinfo	Иә	Жіберуші туралы ақпарат объектісі (жіберушімен толтырылады)
senderId	xsd: string	Иә	Жіберушіні сәйкестендіруші (жіберушінің жүйесі)
password	xsd: string	Жоқ	Жіберушінің паролі
properties	property	Жоқ	Сұрау салу ерекшелігінің массиві
key	xsd: int		Ерекшелік кілті
value	xsd: int	Жоқ	Ерекшелік мәні

Мәртебеге сұрау салу жауабында (getMessageStatusResponse) келесі түрдегі құрылымы қайтарылуы тиіс: GetMessageStatusResponse деректерінің форматы

Алаңы	Түрі	Міндеті	Сипаттамасы
response	AsyncGetmessagestatusResponse		Жауап
messageState	messageState	Иә	Хабарламаның жай-күйі
